

Бұланды ауданы әкімдігінің



«Макинск қаласының

мектеп-лицей» КММ

27.02.2019 жылғы № 52

бұйрығымен бекітілген

А.Е. Темиргалиева

**Бұланды ауданы әкімдігінің «Макинск қаласының мектеп-лицей» КММ жалпы білім беретін мектептің оқушыларын және мектеп жанындағы шағын орталық тәрбиеленушілерін тамақтандыруды ұйымдастыру қызметін көрсетуге Жеткізушіні таңдауға конкурстық құжаттама.**

**Конкурс ұйымдастырушы (сатып алушы):** Бұланды ауданы әкімдігінің «Макинск қаласының мектеп-лицейі» КММ, Ақмола облысы, 020500, Макинск қаласы, БСН 820640000011, ИИК KZ91 070103KSN0310000, БСК ККМФКZ2А, РГУ «Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Қазынашылық Комитеті» РММ, Макинск қаласы, 8 (71646) 4-24-31 телефоны, электрондық мекенжай: litsey-buh@mail.ru

**1. Жалпы ережелер**

Конкурс бюджеттік қаражат және ата-аналардың төлемдері есебінен оқушыларды және тәрбиеленушілерді тамақтандыруды ұйымдастыру қызметін көрсетуге Жеткізушіні таңдау үшін өткізіледі, қызмет көрсету ретін және мерзімін анықтайды.

1. Мектепте мұқтаж жандар санынан оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қызметін алушылардың барлық саны – **82 адам**.

Білім алушыларды тегін тамақтандыруды ұйымдастыруға бюджет қаражаты есебінен бөлінетін сома » 2 058 350 тенге 00 тиын сомасына (Екі миллион елу сегіз мың үш жүз елу тенге 00 тиын) (ҚҚС есебімен) құрайды.

2. Осы конкурстық құжаттама мыналарды:

1) Көрсетілетін қызметтерді Жеткізуші санаттарының тізбесін форма бойынша

1-қосымшаға сәйкес;

2) Жалпы білім беретін мектептің оқушыларына тамақтандыруды ұйымдастыру қызметін көрсетуге Жеткізушіні таңдауға конкурстық құжаттаманың техникалық тапсырма осы үлгілік конкурстық құжаттамаға 2-қосымшаға сәйкес;

3) Заңды және жеке тұлғалар конкурсқа қатысу үшін арналған өтінімді осы үлгілік конкурстық құжаттамаға 3, 4-қосымшаларға сәйкес;

4) Әлеуетті Жеткізушінің біліктілігі туралы мәліметтерді осы үлгілік конкурстық құжаттаманың 5-қосымшаға сәйкес;

5) тауар немесе қызмет көрсетуді ұсынатын Жеткізушіні таңдау критерий осы үлгілік конкурстық құжаттаманың 6-қосымшаға сәйкес;

6) Жалпы білім беру ұйымдарына білім алушыларды тегін тамақтандыруды ұйымдастыру үшін тауарды немесе қызметті жеткізу бойынша үлгілік шарт осы үлгілік конкурстық құжаттаманың 7-қосымшаға сәйкес;

7) Банктік кепілдік осы үлгілік конкурстық құжаттаманың 8-қосымшаға сәйкес;

8) Қарыздың жоқ екендігі Анықтама осы үлгілік конкурстық құжаттаманың 9-қосымшаға сәйкес.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті Жеткізуші конкурсқа қатысу үшін тауар немесе қызметті сатып алуға, өтініммен қоса бюджет қаражаты есебінен бөлінген соманың бір пайыз мөлшерінде келесі формалардың біреуімен қолдануы қажет:

1. Бұланды ауданы әкімдігінің «Макинск қаласының мектеп-лицей» КММ банктік шотында орналасқан кепілдемелік қаржы жарнасы **БСН 82064000011, ИИК KZ290705034644014001, БСК ККМФКZ2A**

2. Банктік кепілдеме.

Әлеуетті Жеткізуші немесе сенімхат бойынша оның өкілі құжат пакетін Ереженің 41-тармағына сәйкес 2019 жылдың 18 науырыз 18 сағат 00 минут мерзіміне дейін конкурс ұйымдастырушының - 020500, Ақмола облысы, Макинск қаласы, 3.Космодемьянская көшесі, 67 пошталық мекенжайына немесе комиссияның хатшысы есепші- Шандер Галина Владимировнаға қолма-қол тапсырады.

Конкурс ұйымдастырушысына Әлеуетті Жеткізушілердің құжаттарының беттері дұрысталусыз, түзетусіз тігіліп және нөмірленуі тиіс. Өтінімнің соңғы парағында бірінші басшының қолы мен мөрі қойылып бекітіледі.

Конкурс ұйымдастырушының бекітілген уақытынан асқан құжаттар, тіркеуге жатпайды және Әлеуетті Жеткізушіге қайтарылады.

## 2. Конкурс туралы Әлеуетті Жеткізушілерге хабарлау.

4. Конкурсты ұйымдастырушысы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде, бірақ әлеуетті Жеткізушінің конкурсқа қатысуға өтінімдер беретін соңғы күнге дейін кемінде жиырма күнтізбелік күн қалғанда, интернет-ресурста немесе білім органына беру негізінде әлеуетті Жеткізушілерге хабардар етеді (егер де жеке интернет-ресурс жоқ болған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсанындағы «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушілерді таңдау қағидаларын бекіту туралы және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» № 598 Ережесі (әрі қарай - Ереже).

5. Конкурстік құжаттаманың көшірмесі конкурсты ұйымдастырушының интернет-ресурсінде орналастырылады және Әлеуетті Жеткізушімен қағаз түрінде тапсырылады.

6. Конкурстік комиссияның хатшысы конкурс қатысушыларына конкурс құжаттамасының көшірмесі қол қойғызылып қағаз түрінде және конкурс құжаттамасының көшірмесін алған тұлғаларды тіркеу журналына ақпаратты енгізеді.

7. Тұлғаларды тіркеу журналында конкурс атауы мен өткізу мерзімі, әлеуетті Жеткізушінің заңды өкілінің тегі, аты, әкесінің аты, жеке куәлігінің нөмірі, орналасқан жері мен байланыс телефондары, конкурстық құжаттама көшірмесін алу уақыты мен күні көрсетіледі.

8. Тұлғаларды тіркеу журналы тігіледі, беттері нөмірленеді, соңғы парағы конкурсты ұйымдастырушының мөрімен бекітіледі.

## 3. Конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімді ресімдеу

9. Конкурсқа қатысуға арналған конкурстік өтінім құрайды:

1) мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған өтінімді, әлеуетті Жеткізушінің қолы және мөрі қойылады, осы үлгілік конкурстық құжаттаманың 5, 6-қосымшаларына сәйкес;

2) конкурстық құжаттаманың біліктілік талаптарына сәйкес әлеуетті Жеткізушінің құжаттарының тізбесін:

заңды тұлғалар үшін құқықтық қабілеттілігін (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі немесе анықтама, заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жарғы көшірмесі), жеке тұлғалар үшін – азаматтық қабілеттілігін (кәсіпкерлік субъектісі

ретінде тіркелгені туралы құжат, жеке куәлігінің көшірмесі) растайтын нотариалды куәландырылған құжаттар;

әлеуетті өнім берушіге қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының банктің (банк филиалының) бірінші басшысының немесе оның орынбасарының қолы қойылып, банк мөрі бар әлеуетті өнім берушінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, кредиттік серіктестіктердегі және ипотекалық компаниялардағы бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарына сәйкес банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан көп созылған мерзімі өткен берешектің жоқтығы туралы анықтаманың түпнұсқасы (егер әлеуетті өнім беруші бірнеше екінші деңгейдегі банктердің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осы анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады). Анықтама конкурстық өтінімдер бар конверттер ашылатын күннің алдындағы бір айдан кешіктірілмей алынуы тиіс, осы үлгілік конкурстық құжаттаманың 8-қосымшаға сәйкес;

конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан кешіктірмей алынған үш айдан астам салық берешегінің (9-қосымша), міндетті зейнетақы жарналары және жинақтаушы зейнетақы қорларына әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екені туралы (төлеу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда) салық органы басшысының не орынбасарының қолы қойылып, мөрімен бекітілген не e-gov электрондық үкіметі порталы арқылы алынған салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасы; бар болса ҚҚС (қосылған құн салығы) бойынша есепте тұрғаны туралы куәліктің көшірмесі;

конкурсқа қатысуға банктік кепілдік немесе кепілдік берілген ақшалай жарна түрінде өтінімді қамтамасыз етуді растайтын құжаттың түпнұсқасы осы Үлгілік конкурстық құжаттаманың 8-қосымшаға сәйкес;

техникалық тапсырма көрсетілетін қызметтердің сапалық және сандық сипаттамалары айқындалған үлгілік конкурстық құжаттаманың 4-қосымшаға сәйкес. Техникалық тапсырмада міндетті тәртіппен оқушыларды сапалы, теңгерімделген және қауіпсіз тамақтандыруды қамтамасыз ету үшін талап етілетін перспективалық мәзір көрсетіледі;

нысан бойынша қызметкерлердің біліктілігі формаға сәйкес туралы мәліметтер, осы үлгілік конкурстық құжаттаманың 5-қосымшаға сәйкес.

#### **4. Конкурсқа қатысуға өтінімді беру тәртібі**

10. Конкурсқа қатысушылар конкурсқа қатысуға өтінімдерін конкурсты ұйымдастырушыға қолма-қол немесе почта байланысын пайдалана отырып: Ақмола облысы, Бұланды ауданы әкімдігінің «Макинск қаласының мектеп-лицей» КММ, 020500, Макинск қаласы, 3.Космодемьянская көшесі 67, мекенжайы бойынша есепші кабинетіне 2018 жылдың 30 қаңтарының 18 сағат 00 минутіне дейін тапсырылады.

11. Конкурсты ұйымдастырушы бекіткен мерзім өткеннен кейін ұсынылған өтінімдер тіркелуге жатпайды және әлеуетті Жеткізушілерге қайтарылады.

#### **5. Конкурс өтінімдері бар конверттерді конкурстық комиссияның ашуы**

12. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдері бар конверттерді ашуды конкурстық құжаттамада конкурсты ұйымдастырушы көрсеткен күні, уақыт пен орында конкурстық комиссия мүшелерінің қатысуымен өткізеді.

13. Конкурстық комиссияның төрағасы қатысушыларға конкурстық комиссияның құрамы, белгіленген мерзімде конкурсқа қатысуға өтінімді ұсынған әлеуетті өнім берушілердің саны туралы хабарлайды.

14. Комиссия хатшысы конкурсқа қатысуға өтінімді ұсынған тұлғаларды тіркеу журналына енгізілген мәліметтерді жариялайды және әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдері бар конверттерін ашады

15. Конкурсты ұйымдастырушының хабарландыруында белгіленген мерзімде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімдері бар конверттер ашылуға жатады.

16. Конверттерді ашу хаттамасы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес ресімделеді, оған конкурстық комиссияның мүшелері әрбір парағына және соңына қолын қояды және әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері бар конверттер ашылған күннен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірмей интернет-ресурста немесе білім органына беріледі (егер де жеке интернет-ресурс жоқ болған жағдайда).

## **6. Конкурстық өтінімдерді қарау**

17. Комиссия өтінімдер бар конверттер ашылған күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде конкурсқа қатысуға рұқсат беру үшін өтінімді толықтығы және конкурстық құжаттамаға сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

18. Конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдер, конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілер конкурсқа жіберілмейді.

19. Конкурстық комиссия конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және оларды конкурсқа қатысушылар ретінде таниды.

20. Отырыс конкурсқа рұқсат беру туралы хаттамамен ресімделеді, оның әрбір парағына және соңына конкурстық комиссияның барлық мүшелері қолын қояды.

21. Комиссия өзінің шешімін конкурсқа рұқсат беру хаттамасымен ресімдейді.

Қол қойылған конкурсқа рұқсат беру хаттамасы комиссия отырысы өткен күннен бастап күнтізбелік екі күннен кешіктірмей интернет-ресурста немесе білім органына беріледі (егер де жеке интернет-ресурс жоқ болған жағдайда).

22. Комиссия үш күнтізбелік күн ішінде конкурсқа жіберілген қатысушылардың біліктілік талаптарын қарастырады

23. Конкурсты ұйымдастырушы неғұрлым сапалы көрсетілетін қызметті ұсынатын конкурс жеңімпазын айқындау үшін өнім берушіні таңдау критерийлерін көздейді.

24. Комиссия жеңімпазды айқындау үшін конкурстік өтінімді критерийлерге сәйкес бағалайды және салыстырады тексереді, осы үлгілік конкурстық құжаттаманың 6-қосымшаға сәйкес.

25. Конкурстық комиссияның өтінімді конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестендіруге байланысты әрекетіне жол берілмейді.

Өтінімді сәйкестендіру деп конкурстық комиссияның өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, құжаттарды алмастыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды дұрыстауға бағытталған әрекеті түсініледі.

26. Әлеуетті Жеткізушінің техникалық тапсырмасының конкурстық құжаттамада көрсетілген техникалық тапсырмаға сәйкес болмауына жол беріледі. егер неғұрлым үздік сипаттамалары бар көрсетілетін қызмет ұсынылған жағдайда.

27. Барынша көп балл жинаған және басқа әлеуетті жеткізушілермен салыстырғанда міндеттемелерді ең үздік орындау шарттарын ұсынған әлеуетті Жеткізуші конкурс жеңімпазы болып танылады.

28. Конкурстық комиссияның төрағасы, ол болмаған жағдайда төраға орынбасары конкурстық комиссияның отырысына қатысып отырған тұлғаларға конкурс нәтижелерімен жеңімпазын жариялайды.

29. Конкурс қорытындылары туралы хаттама қағидаларының 5-қосымшасына сәйкес ресімделеді, оған комиссияның мүшелері әрбір парағына және соңына қолын қояды.

30. Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде конкурсты ұйымдастырушы конкурс қорытындылары туралы хаттаманы интернет-ресурста немесе білім органына беріледі (егер де жеке интернет-ресурс жоқ болған жағдайда).

## **7. Конкурса қатысу жайлы өтінімді қамтамасыз ету және кері қайтару**

31. Әлеуетті Жеткізуші конкурса қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ол конкурс жеңімпазы ретінде айқындалған жағдайда шарт жасасудың және шартты орындаудың қамтамасыз етуін енгізудің кепілі ретінде енгізеді.

32. Әлеуетті Жеткізуші конкурса қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді конкурса бөлінген соманың бір пайызы көлемінде енгізеді.

33. Әлеуетті Жеткізуші осы үлгілік конкурстық құжаттамаға 8-қосымшаға сәйкес банктік кепілдік немесе кепілдік берілген ақша жарнасы түрінде конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді, ол конкурсты ұйымдастырушының банк шотына енгізеді.

34. Өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі – конкурс өтінімінің қолданылу мерзімінен кем емес.

35. Қаржыландырылуы жоқ өтінімдерді конкурстық комиссия кері қайтарады.

36. Әлеуетті өнім берушінің тұтастай алғанда, үшінші тұлғаларда не конкурса қатысуға өтінім мерзімінің аяқталуына дейін енгізілген кепілдік берілген ақша жарнасы бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкелетін іс-қимылдарына жол берілмейді.

37. Конкурсты ұйымдастырушымен өтінімнің конкурста қатысуы қаржыландыру қайтарылмайды, егер де:

жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған;

конкурстың жеңімпазы шарт жасасып, конкурстық құжаттамамен белгіленген №8 шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындамаған не уақтылы орындамаған жағдайларда.

Конкурсты ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге өзі енгізген конкурса қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі басталған күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде қайтарып береді:

1) конкурса қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылуы. Көрсетілген жағдай конкурса қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды;

2) конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылуы.

38. Көрсетілген жағдай конкурс жеңімпазы болып айқындалған конкурса қатысушыға қолданылмайды;

3) шарттың күшіне енуі және конкурс жеңімпазының шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі.

## **8. Қызмет көрсету жайлы келісімшарт**

39. Конкурсты ұйымдастырушы 5 күнтізбелік күн ішінде конкурса қатысушыға немесе білім органына беріледі (егер де жеке интернет-ресурс жоқ болған жағдайда) конкурстың қорытындылары жайлы хаттаманың қосымшасының талаптарына сәйкес қызмет көрсету келісімшартының жобасын жібереді осы Ереженің үлгілік конкурстық құжаттамаға 9-қосымшаға сәйкес. Жеткізуші келісімшарттың жобасын алғаннан соң 5 күн ішінде ұйымдастырушыға қызмет көрсету жайлы бекітілген келісімшартты қайтарады.

40. Тапсырушы қызмет көрсету туралы шарттың орындалуына бөлінген қаржыландыруды 5 күнтізбелік күн ішінде шарт бойынша Жеткізушімен талаптардың толық және дұрыс орындалуына кейін қайтарылады.

41. Білім беру мекемесінің кіріс бюджетінің тұрақсыздығы, төлемнің уақтылы төленбеуі деректері анықталған кезде қызмет көрсетушінің міндеттерінің орындалмауы жағдайында тапсырыс беруші келісімшартты 5 күн ішінде кері қайтарады.

42. Келісімшарт қызмет көрсету төлемі жайлы шарттарға сәйкес бюджеттік кіріс есебінен оқушыларды тегін тамақпен қамтамасыз етеді.

43. Әлеуметтік жабдықтаушы тапсырыс берушімен арада бекітілген келісімшарттың белгіленген мерзімінде орындалуын қамтамасыз етпесе, әлеуетті Жеткізуші жалтарылған деп танылады.

44. Әлеуметтік Жеткізуші жалтарылған деп танылған жағдайда конкурс ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) 30 күнтізбелік күн ішінде бекітілген келісімшартқа жүгінеді.

- 1) конкурсқа қатысуға берілген өтінім тоқтатылады;
- 2) келісімшарт бекітілгенге дейінгі келтірілген шығындарды өндіру жайлы әлеуеттік Жеткізуші жайлы сотқа ізденеді.